

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

1996 жылдан бастап екі айда бір рет шығады

А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің



АХМЕТ ЯСАУИ
УНИВЕРСИТЕТИ

ХАБАРШЫСЫ





A. Yessawi ITKU Bulletin - Вестник МКТУ им. А. Ясауи - Bulletin of IKTU named A. Yassawi

№ 3 (75)

Қараша-желтоқсан

2011

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАР СЕРИЯСЫ



ЛАХАНОВА К.М.

A.LDABERGENOVA A.

Қарақалт қозыларының тері қабақтарының гистологиясы

224-227

Гистологические особенности кожно-волосного покрова каракульских ягнят

LAKHANOVA K.M.

ALDABERGENOVA A.

Histological Features of Skin-Hair at the Karakul Lambs

САДЫКОВА А.М.

Психоподготовка к родам беременных с рубцом на матке после кесарева сечения

228-232

Кесарев кесуінен кейін қалған жатырларында тыртық орындары бар әйелдерді психологиялық дайындықтан өткізу

SADYKOVA A.M.

Psychopreparation for Childbirth of Pregnant Women with a Hem on the Uterus after Caesarean Section

РАХЫМБЕРДИЕВ Д.С.

ДӘУЛЕТОВА М.Д.

КАДЫРОВА Ш.А.

Созылмалы бронхиттер туралы қазіргі заманғы түсініктер

233-236

Современные представления о хронических бронхитах

RAKHUMBERDIYEV D.S.

DAULETOVA M.D.

KADYROVA SH.A.

Modern Concepts of Chronic Bronchitis

ТАИРОВ В.Р.

Преимущество в использовании магнитно-компрессионных межжиличных анастомозов с одностольной стомой у детей

237-241

Жас балаларда бір бағанды шек стомасы бар шекаралық магнитті-компрессионды анастомозды қолданудағы басымдық

TAIROV V.R.

Advantage in Use Intra-intestinal Magnetic Compression Anastomosis with One-Barrel Stomy of Children

ЭКОНОМИКА

МЫРЗАЛИЕВ Б.С.

АНЕТОВА Б.А.

Қазақстанда жер қорларын басқарудың кейбір экономикалық-құқықтық жүйесін мемлекеттік реттеу

242-246

Государственное регулирование некоторых экономических систем управления земельными ресурсами Казахстана

MYRZALIYEV B.S.

ANETOVA B.A.

Improvement of State Regulation of Some Economic and Legal Systems of Land Resources Management in Kazakhstan

ЫДЫРЫС С.С.

КӨЛБАЕВА А.А.

Бәсекеге қабілетті жоғары технологиялық өндірісті дамыту жолдары

247-252

Пути развития конкурентноспособного высоко-технологического производства

YDYRYS S.S.

KOLBAYEVA A.A.

The Ways of Developing High Technological Industries

МУСАБЕКОВ К.

УЗУН Й.У.

Қазақстан және Түркия арасындағы экономикалық байланыстардың бағыттары 253-255

Направления развития экономических связей между Казахстаном и Турцией

MUSABEKOV K.

UZUN I.U.

Problems of Developing Economic Relations Between Kazakhstan and Turkey

МАРХАЕВА Б.А.

МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ К.

Кәсіпорындағы өндірістік есеп пен өндірісті ұйымдастыру 256-259

Производственный отчет и организация производства на предприятии

MARKHAYEVA B.A.

MURZABEKQYZY K.

The Industrial Report and the Manufacture Organization at the Enterprise

МЫРЗАЛИЕВ Б.С.

ДАУРБАЕВ Р.А.

Основные задачи анализа финансово-экономической деятельности сельскохозяйственных предприятий 260-265

Ауылшаруашылығы кәсіпорындарының қаржы-экономикалық қызметін талдаудың негізгі міндеттері

MURZALIYEV B.S.

DAURBAYEV R.A.

Basic Tasks of Analysis of Financial and Economic Activities of Agricultural Enterprises

КОКЕБАЕВА А.М.

ОСПАНОВ Е.Ж.

Оригинальные трансферты в системе бюджетных механизмов 266-271

Бюджеттік тетіктер жүйесіндегі ресми трансферттер

KOKEBAYEVA A.M.

OSPANOV E.ZH.

Official Transfers in system of Budget Mechanisms

ТАЙМУЛОВА Г.С.

Совершенствование технологической модели нефтегазовой промышленности в Республике Казахстан 271-275

Қазақстан Республикасындағы мұнай өнімдерімен қамсыздану етуін технологиялық модельдерін жетілдіру

TAIKULOVA G.S.

Perfection of Technological Models of Oil Production Supply in the Republic of Kazakhstan

КАРГАБАЙЕВА С.Т.

Еркін экономикалық аймақтардың іс-әрекетін мемлекеттік реттеудің кейбір мәселелері 276-279

Некоторые проблемы государственного регулирования деятельности свободных экономических регионов

KARGABAYEVA S.T.

Some Problems of State Regulation of Free Economic Zones

Б.А.МАРХАЕВА

экономика ғылымдарының докторы, доцент

Қ.МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

КӨСШОРЫНДАҒЫ ӨНДІРІСТІК ЕСЕП ПЕН ӨНДІРІСТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

В данной статье рассматриваются система производственной отчетности и калькуляция стоимости продукции, работ и оказанных услуг на предприятии.

System of the industrial reporting and accounting of production cost, works and the services at the enterprise.

Қазіргі таңда кәсіпорынды басқарудың ғылыми тәсілін дамыту қажеттілігі туындап, ақпараттық жүйелер кеңінен дамып, бухгалтерлік есеп және аудит мәліметтеріне талап күшеюде. Соның ішінде өндірістік шығындар есебі мен өнімнің өзіндік құнының калькуляциясына басты назар аударылууда. Нарықтық экономикасы дамыған елдердегі кәсіпорындар мен фирмалардың жұмысында аталған учаскелердің бухгалтерлік есеп жүйесінде "басқару есебі" деп бөлінуі жай емес.

Басқармалық ақпарат қазіргі жағдайда өндірісті басқарудың ажырамас бөлігі, ал басқару есебі басқарманың барлық деңгейін жеткізгіш түрде қажет ақпаратпен қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Шығарылған өнімнің нақты өзіндік құнына және өндірістің рентабельділігіне өндірістік шығындардың құрамы, өндірістің технологиясы мен ұйымдастырылуы, салалық ерекшеліктері үлкен ықпал етеді. Сондықтан өнеркәсіптің барлық салаларында басты назар капиталдық, еңбек, қаржы ресурстарын, табиғат байлықтарын дұрыс және тиімді пайдалануға, артық шығындарды жоюға аударылуы тиіс.

Сондықтан да кәсіпорындар түрлі өндірістерден және шаруашылықтардан (негізгі, көмекші, қосымша, қосалқы және эксперименттік) тұратын күрделі механизм болып табылады.

Кәсіпорынның жекеленген өндірістік буындар бойынша жоспарлау және шығындарды есепке алу мақсатында өндірілетін өнімнің атқарылатын қызметіне қарай барлық өндірістер негізгі және қосымша өндірістер болып екіге бөлінеді.

Бұдан басқа кәсіпорында қызмет көрсететін өндірістермен кәсіпорын ұжымның тұрмыстық қажеттілігін қанағаттандыратын шаруашылықтар болады. Бұл кәсіпорындар өнімді дайындауға, сондай-ақ басқа да тарапта жұмыстарды атқаруға немесе қызмет көрсетуге өз септігін тигізеді.

Өндірістік есепті дұрыс ұйымдастырудың кез келген кәсіпорын үшін маңызы зор.

Өндірістің бухгалтерлік есебін ұйымдастыру көбіне өндірістің тұрпатына байланысты болады. Өндіріс жеке-дара, сериялық және жашпай өндіріс болып үш топқа бөлінеді.

Жеке-дара (жекеленген) өндіріс - өнімнің жекеленген данасымен немесе кайғатанып отыратын шығын тапсырыстармен дайындалатын өндіріс. Ал, сериялық өндіріс біркелкі бұйымдарды дайындап шығарудың оқтын-оқтын

қайталанатын отыруымен сипатталады.

Өндірісті ұйымдастыру тиімді тек шығындарды есепке алуға және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялауға ғана, әсер етпін қоймайды. Сонымен бірге баспаңқы есепті ұйымдастырудың тағаламаық есепке де әсер етеді. Мәселен, ірі сериялық және жашай өндірістерде шығарылатын өнім мен жалақы ауысым ішінде өндіріс пен өнім рандорларына, ал жеке-дара және ұсақ сериялық өндірістерде жасалған жұмыстар арддарымен үйлесімде көбіне маршруттық парактарына жазылады.

Егер кәсіпорын ұжымдарының ішкі шаруашылық резервтерін тауып, пайдалануының негізгі бағыттарын қорытындылауға талпыныс жасалса, онда оларды үш топқа бөлуге болады. Өндіріс тиімділігі, біріншіден, негізгі өндіріс қорлардың пайдалануын жақсартудың, екіншіден, айналмалы өндіріс қорларды неғұрлым тиімді пайдаланудың және үшіншіден, қазіргі еңбек шығындарының негжелілігін жақсартудың есебінен арттыруға болады [1].

Кез келген өнімді өндіру, жұмыстарды атқару және қызметін көрсету белгілі бір шығындармен байланысты, ондай есеп мынаны қамтамасыз етуі керек: жалпы өнім көлемін, әрбір өнім түрлерінің нақты өзіндік құнын есептеу (калькуляциялау) қызметті көрсету, жұмысты орындау, өндірілген өнімнің нақты шығысын толық дер кезінде және шынайы көрсету, сондай ақ жалпы өнім есепті ұйымдастыру, басқарушылық шешімді қабылдау мен жоспарлау үшін ақпараттарды жинау және бағытауды көздейді.

Шешімді қабылдау үшін ақпараттарды жинаған кезде белгілі бір өнімнің типтерін қабылдау үшін белгілі бір шығын түрлері маңызды болады, ал кейбіреулері үшін сол шығындар ескерілмеуі мүмкін. Шын мәнінде, өндірістік шығындар көптеген белгілері бойынша жіктелуі мүмкін:

- шығындардың туындайтын (пайда болатын) орындары (өндірістер, цехтар, учаскелер) бойынша; өндіріс тізбесі (соның ішінде өңдеуі) бойынша, ал олар шығындарды есепке алу мен жоспарлау кезінде субъектінің есеп саясатында анықталғандай етіп бөлінеді;

- қызметтер, жұмыстар және өнім түрлері бойынша; өндіріс шығындары жекелеген өнім түрлерінің өзіндік құнына немесе бір тектес өнім топтарына енеді;

- шығындар өнімнің өзіндік құнына ену тәсілі бойынша; тікелей өнімнің өзіндік құнына тікелей жатқызылатын, яғни жекелеген өнім түрлерін өндірумен байланысты болып; жанама өнімнің өзіндік құнына таратылып бөлінетін, яғни бірнеше өнім түрлерін өндірумен байланысты болып бөлінеді.

Өнімді өндіруге және қызметтер көрсетуге арналған ұйымдардың шығындарын есепке алуға арналған 8 «Өндірістік есепке алу шоттары» бөлімінің шоттары арналған. Осы бөлімнің шоттарында олардың пайда болу орындары мен шығындарды топтау және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау жүзеге асырылады.

Кәсіпорын өзінің есептік саясатын жасаған кезде бухгалтерлік есеп шоттарының жұмыс жоспарында әрбір өндірістік шоттардың тобы бойынша

(8010, 8020, 8030, 8040) жинақтаушы шоты және бірнеше бір элементтік шоттарды қарастыруы мүмкін.

Шығындарды және өнімнің шығарылуын есепке алу мен бақылау жасауды қамтамасыз ету үшін «Цехтар бойынша шығындар» деп аталатын ведомосін пайдаланады, онда 8100, 8300, 8400 шоттары бойынша шығындар есепке алынады. Ай соңында бухгалтерия өндіріс шығындарын жинақтауды жүзеге асырады.

«Цехтар бойынша шығындар» ведомосіне жазу үшін мыналар негіз болып табылады:

«Материал шығындарын бөлу (тарату)» кестесін әзірлеу, онда шикізат, материалдар, сатып алынған шалафабрикалар және өндірістің басқада материалдық запастары көрсетіледі (8111– «материалдар» бөлімшесі шоттарының кредиті); өндіріс персоналдарына төлеген еңбек ақы шығыстары (8212– «персоналдармен еңбекақы бойынша есеп айырысу» шотының кредиті); еңбек ақыдан аударылатын аударымдар (8213– «басқа да» шоттың «әлеуметтік салық» субшотының кредиті);

«Негізгі құрал-жабдықтар амортизациясының (тозуының) есебі» кестесін әзірлеу, онда өндіріс шығындарына енгізілуге тиісті негізгі құрал-жабдықтар амортизациясының сомасы көрсетіледі (2420– «Негізгі құрал-жабдықтардың тозуы» бөлімшесі шоттарының кредиті);

«Материалдық емес активтер амортизациясы есебінің» кестесін әзірлеу керек, онда өндіріс шығындарына енгізілуге жататын амортизацияның сомасы көрсетіледі (2740-2746 – «материалдық емес активтердің амортизациясы» бөлімшесі шоттарының кредиті);

«Көмекші (қызмет көрсетуші) өндірістер мен шаруашылықтардың көрсеткен қызметтерін бөлу» кестесін әзірлеу, онда өндірістер мен шаруашылықтардың өнім өндіру жұмыстары және көрсетілген қызметтерге жұмсалған шығындары көрсетіледі.

Өндірістік шығындар есебін жүргізу бухгалтерлік есеп жұмысының ең маңызды бөлімі болып табылады. Шығындар есебі дұрыс ұйымдастырылып, нақты жүргізіліп, қажетті көрсеткіштер жедел түрде тез арада қамтамасыз етілуі қажет.

Сондықтан өндіріске жұмсалған шығындарды олардың құжаттары бойынша қандай калькуляциялау объектісіне жататындығын белгілеу үшін есеп объектілерінің шығын баптарын кодтайды және үстеме шығыстарын ажыратады, ал бұл үстеме бойынша дұрыс топтастыруға мүмкіндік береді. Орташа және ірі кәсіпорындарда өндіріс шығындарын есепке алу және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау үшін кәсіпорынның бухгалтериясы құрамында біртұтас болып келетін екі бухгалтерия, яғни қаржылық және басқару бухгалтериясы болуы мүмкін.

Өндіріс шығындарының талдамалық (аналитикалық) есебі калькуляция (есеп) объектілерінің және цехтар мен өндірістер бойынша шығын баптарының белгіленген номенклатурасы бойынша калькуляциялық (көп жазбалық)

артықшаларда немесе ведомостарда жүргізіледі.

Қаржылық бухгалтерия шоттардың бас жоспарын, бөлімшелеріне енетін шоттарын жүргізіп, есептің бас кітабында кәсіпорынның балансын және қаржылық есеп беруін жасайды.

Басқару бухгалтериясы шоттардың бас жоспарының 8100-бөлімшелеріне енетін шоттарды пайдаланады. Ол өндіріс шығындары туралы ақпаратты жинап, өзіндік құнды калькуляциялайды. Өндіріс шығындарының нормалары мен нормативтерін талдап және олардың орындалуын бақылайды, өндірістегі цехтар-фабрикалардың қозғалысын есепке алады, есептің бүкіл көлемінің нормативтік жоспарын және талдамалық жұмыстарын атқарады. Басқару бухгалтериясы жабық (күпия) болып келеді. Бұл өз билігінде қандай да бір мақсасын бір «ноу-хауды» және өндірісті басқарудың озық деңгейін ұйымдастыруды, «жаңалықтарды» өз бәсекелестері өздерінен бұрын пайдаланып кетпеуін қамтамасыз етеді [2].

Кәсіпорынның басқарушы есебі есептің бір бөлігі ретінде жіктеумен, атаумен, таратумен, талдап қорытумен, ағымдағы және жорамалданған шығындар бойынша есеп берумен байланысты жүреді. Басқарушы есеп салаға, есеп ішіндегі салаға, қызмет түрлеріне, кәсіпорынға лайықтап шығындарды есептеудің және өнімнің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнын есептеп шығарудың жүйелі әдістерін талдап енгізуді көздейді. Ал өндірістік есеп - бухгалтерлік есептің басқаруға арналған бөлігі. Өндірістік есеп жүйесінде өнімнің қосалқы қорларының құнын бағалау үшін өндірістік шығын анықталады. Өндірістік есептің басты мақсаты — өнімнің, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құнын калькуляциялау.

Кәсіпорындардың өндірістік және коммерциялық қызметі негізгі өндірістік капиталдарды – негізгі және айналым капиталдарын пайдаланумен байланысты жүреді. Өндірістік капиталдардың бұлай бөлінуі олардың айналымының темпімен және дайын өнімді жасаудағы қатысуының нысанымен байланысты. Кәсіпорындарда өндірістік құрал-жабдықтар өндіріс процесінің материалдық-техникалық негізі болып табылады. Нарықтық экономика жағдайында өндірістік құрал-жабдықтардың алғашқы қалыптасуы, олардың жұмыс істеуімен ұлғаймалы ұдайы молайтылып отыруы қаржылардың тікелей қатысуымен жүзеге асырылады, олардың көмегімен еңбек құралдарын сатып алу, пайдалану және олар қалпына келтіруді жүзеге асыратын арнайы мақсаты үшін ақша қорлары құрылып пайдаланылады [3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Радостовец В.К., Рабдуллин Т.Ф., Радостовец В.В., Шмидт О.И.* Кәсіпорындағы бухгалтерлік есеп. Алматы, 2003.
2. *Ержанов А.К., Айтпаева Ә.К.* Басқару есебі. Алматы, 2009.
3. *Басмақбетов Т.А.* Басқарушы есеп, стратегиялық жоспарлау және талдау. Алматы, 2002.